**Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің "Абай Құнанбаев атындағы
№5 мектеп-гимназиясы" КММ**

## Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жүргізі

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін- өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтыламыз деп уәде береміз! 15 қыркүйек күні "Өзін-өзі басқару" ұйымы мектеп президентін сайлау жобасы аясында президенттікке үміткер оқушылармен директордың тәрбие іс-жөніндегі орынбасары А.А. Ашыкбаева мен мектеп психологы А.Е.Рамазанованың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.Өткізудегі мақсат дәстүр бойынша мектеп президенттігіне үміткер оқушылардың сайлауалды бағдарламасы тыңдалып, жоспарларымен бөлісу еді.Алдағы уақытта дауыс берудің тәртібі сонымен қатар ережесі қатаң түрде сақталуын және үміткерлер жасаған бағдарламаның тиімділігі арқылы мектеп президентін сайлап, парламент мүшелерін бекітілетін болады






Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп –гимназияда өзін-өзі басқару ұйымы бойынша Президент сайлауы 2022 жылдың 23 қыркүйек күні болып өтті. Сайлауға өз кандидатурасын әр сыныптан оқушылар қатысты алдарына қойған мақсаттары мен ұсыныс тілектерін және мектеп оқушыларымен бірлескен түрде болашақта қандай жұмыстар атқаратыны туралы айтып, өз ойларымен бөлісті. Ішкі тәртіп ережесін, озат оқушылармен жұмыс , әр түрлі пікір-сайыс, дөнгелек үстел, дебаттар, концерттік бағдарламалардың жүргізілуі туралы өз ойларын ортаға салды. Сайлау соңында Президентке үміткер оқушыларға дауыс берді. Нәтижесінде 9 «А» сынып оқушысы Шараппадин

Мәнсүр 291% басым дауыспен алға шығып, мектеп Президенті болып сайланды. Дауыс беру сайлаудың барлық шарттарын сақтай отырып, құпия түрде өткізілді және оның қорытындысын мектептің сайлау комиссия мүшесі іске асырды.

https://www.instagram.com/p/Ci2lsVRNXZA/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

**«Адалдық дүкені» қайырымдылық жәрменкесі**

Қайырымдылық- адамның асыл қасиеттерінің бірі. 2022 жылдың 1 қазан күні қарт ата-әжелерге азық- түлік аз да болсын қаражат жинап, көмекке қолын созу мақсатымен өзін-өзі басқару ұйымы мектепішілік «Біз біргеміз» қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырды. Оқушыларға арзан бағада оқу жабдықтарын сатты. Қайрымдылық акциясы аясында өзін-өзін басқару ұйымы және еріктілер тобы қарт әжейге азық-түліктер апарып берді





https://www.instagram.com/p/CjRjHMpIYfk/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

«Жастар есірткісіз өмірді қолдайды» көңілді тапқырлар алаңы сайысы

**Мақсаты:** Есірткі заттарының, темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту. Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.Нашақорлықтың алдын алу.Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тұлғаның санасын дамыту, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру

Сайыс «Сәлемдесу» және «Үй тапсырмасы» кезеңдерінен тұрды. Әр кезеңде аталған командалар өз өнерлерін ортаға салып, жоғары деңгейдегі ойын көрсетті. Әділ қазылар алқасы командаларға тақырыптың ашылуы, ойынның жүйелілігі бойынша бағалар беріп отырды.





Үздік деп танылған командалар марапатталып, үздік ойыншы анықталды.
Қойылған бағалар бойынша жүлделі орындар төмендегідей:

Жүлделі III орын: 8 «Б» сынып

Жүлделі II орын: 9 «Ә» сынып

Жүлделі I орын: 8 «Ә» сынып

Гран при: 8 «А» сынып

Үздік ойыншы: Маркс Сұлтан 8 «Ә» сынып

Жүлделі орын иеленген командалар дипломдармен марапатталып, гран-при иеленген командаға кубок табыс етілді.





https://www.instagram.com/tv/ClnQlosgDpb/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

«Мектеп Лигасы» спорттық іс-шаралары

Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір сүре білуге шақыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, Эстафеталық ойынға қызығушылықтарын арттыру.Денсаулықтың қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, басты байлық екендігін түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. ҚР тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздіктің ұлы рухы-Желтоқсан" атты іс-шара жоспары бойынша. Баскетболдан 9-11 сыныптар арасында ұлдар мен қыздар жарысы өтуде. 1-4,5-9 сынып оқушылары арасында өзін-өзі басқару ұйымының спорт және салауатты өмір салты фракциясының жетекшілері спорттық іс-шаралар ұйымдастырды.







https://www.instagram.com/p/CmGeHqFNqcw/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Мәнсүр 291% басым дауыспен алға шығып, мектеп Президенті болып сайланды. Дауыс беру сайлаудың барлық шарттарын сақтай отырып, құпия түрде өткізілді және оның қорытындысын мектептің сайлау комиссия мүшесі іске асырды.

**https://www.instagram.com/p/Ci2lsVRNXZA/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==**

**«Адалдық дүкені» қайырымдылық жәрмеңкесі**

Қайырымдылық- адамның асыл қасиеттерінің бірі. 2022 жылдың 1 казан күні қарт ата-әжелерге азық- түлік аз да болсын қаражат жинап, көмекке қолын созу мақсатымен өзін-өзі басқару ұйымы мектепішілік «Біз біргеміз» қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырды. Оқушыларға арзан бағада оқу жабдықтарын сатты. Қайрымдылық акциясы аясында өзін-өзін басқару ұйымы және еріктілер тобы қарт әжейге азық-түліктер апарып берді.





**https://www.instagram.com/p/CjRjHMpIYfk/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==**

"Өзін-өзі басқару ұйымы" және гимназия оқушылары Республика күніне орай құттықтау видеоролик дайындады.






**https://www.instagram.com/tv/Cj5p8mjgl04/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==**

**Білім беру ұйымының басшысы**_____________ **Т.К Саттаров**
(қолы) А.Т.Ә. (болған жағдайда)